**Қазақстан Республикасы бойынша бар жерлер мен олардың пайдаланылуы туралы 1999 жылғы жиынтық есепті бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қаңтар N 133

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы бойынша бар жерлер мен олардың пайдаланылуы туралы 1999 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жиынтық есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі

агенттігі облыстардың әкімдерімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" заң күші бар

U952717_

Жарлығының негізінде жерлерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру, басқа да табиғатты қорғау шараларымен кешенді түрде жер ресурстарын қорғау жөніндегі тиісті аумақтық бағдарламаларды әзірлеуді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК